АМАНАТҚА АДАЛ БОЛУ – ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ

4-БЕТ | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

ӨСІМСІЗ ҚАРЫЗБЕН ҮЙ АЛУ МҮМКІН БЕ?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗ ОТАНЫМЫЗДЫ ӨРКЕНДЕТУ ЖОЛЫНДА ЗОР БЕТБҰРЫС ЖАСАП, ЖАҢА ДӘУІРГЕ ҚАДАМ БАСТЫҚ. БІРАҚ ӨЗГЕРІСТЕР МҰНЫМЕН БІТПЕЙДІ. БҰЛ – ҰЗАҚ ЖОЛДЫҢ БАСЫ ҒАНА. РЕФОРМАЛАР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ, САЯСИ ҚҰРЫЛЫМДЫ ЖЕТІЛДІРУ ҚАЖЕТ. БҰЛ – АСА МАҢЫЗДЫ ЖҰМЫС.

№57
(4490)
Сейсенбі
16 мамыр
2023 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОР ҚҰРЫЛМАҚ

Қайтарылған активтерді басқаратын мемлекеттік қор құрылмақ. Бұл жайында Мәжіліс депутаттарының сауалына Премьер-министр Әлихан Смайыловтың жауабында айтылған.

Үкімет басшысы жауабында «Заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң жобасында активтерді қайтарудың ерікті және мәжбүрлі екі тәсілі көзделгенін атап өтеді.

«Ерікті тәртіп үшін активтерді мемлекетке беруді ынталандыру тетіктері әзірленген. Мәжбүрлі тәртіп соттардың шешімі негізінде немесе халықаралық өзара іс-қимыл арқылы қылмыстық не азаматтық іс жүргізу аясында заңсыз сатып алынған активтерді тәркілеуді көздейді. Қайтарылған активтерді басқару мақсатында заң жобасында қайтарылған активтерді сатудан түскен ақшаны жинақтайтын қазынашылық органдарында арнайы шот аша отырып, мемлекеттік қор құру көзделеді. Бұл қаражат ел халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік және экономикалық жобаларды қаржыландыру үшін ғана пайдаланылады» деді Әлихан Смайылов.

Бұдан басқа, оның атап өтуінше, заңның ілеспе жобасында активтерді заңсыз шығаруға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған қажетті іс-шаралар қабылдау үшін бірқатар заңнамалық актіге өзгеріс енгізу жоспарланған.

«Заң жобасы активтерді қайтарудың мүлдем жаңа тәсілдері мен тетіктерін көздейтінін ескере отырып, оны мұқият зерттеу мен әзірлеу үшін қосымша уақыт қажет болды» деді Премьер-министр.

ОТБАСЫ КҮНІ ОТАУ ҚҰРДЫ

Бақытты әрі берік шаңырақ – еліміздің игілігі мен өркендеуінің кепілі. «Отан отбасынан басталады» дегендей, отбасы құру – Отан үшін де, отбасы үшін де аса жауапты жұмыс. 2022 жылы Қазақстан бойынша 128,5 мың жұп некесін қиған. Ал Астанада жыл сайын 11400 жұп некеге тіркеледі. Халықаралық отбасы күніне орай Астанада бір топ жас жұбайлардың некесі қиылды.

КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

2021-2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға 286,2 мың адам қатысты. 194,7 мың адам жұмысқа орналасты, оның 73,5 мыңы тұрақты жұмысқа орналасқан.

Субсидияланатын жұмыс орындарына 121,2 мың адам орналасты. Оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарымен 13,5 мың адам, жастар практикасымен 7,4 мың адам, қоғамдық жұмыстармен 87,5 мың адам, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы аясында 3,1 мың адам, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы аясында 92 адам, «Күміс жас» жобасы аясында 9,6 мың адам жұмыспен қамтылды.

Еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылар бойынша онлайн-оқытумен 20 мың жұмыссыз қамтылды, оның ішінде 18 мыңы оқуды аяқтады. Сондай-ақ, «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытумен 67,4 мың адам қамтылды, оның ішінде 49,5 мың адам оқуды аяқтап, сертификат алды.

Бұдан басқа, 2023 жылы Ұлттық жоба шеңберінде 400 АЕК (1380000 теңге) мөлшерінде жаңа бизнес-бастамаларды іске асыру үшін 9 мың грант беру көзделген. Бірінші лек бойынша 2564 грант берілді.

ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА – ТӨРТ ҰЛАН

Ташкент төрінде төрткүл дүние көз тіккен әлем біріншілігі мәресіне жетті. Қазақстан боксшылары бұл чемпионатта да әлемдегі үздік екенін дәлелдеді. Жарқын жеңістер сыйлаған спортшыларымызды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтады.

«Бокстан әлем чемпионатының финалдық жекпе-жектерін зор қызығушылықпен тамашаладым. Жеңіске деген ерік-жігер мен шынайы патриотизмнің жарқын үлгісін көрсеткен боксшыларымыз Санжар Тәшкенбай, Сабырхан Махмұд, Асланбек Шымбергенов және Нұрбек Оралбайды шын жүректен құттықтаймын! Қазақтың төрт жігіті – әлем чемпионы!» деп атап өтті Президент өз құттықтауында.

№57 (4490) 16/05/2023 Сейсенбі

СУ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАРАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында экология және су қауіпсіздігі мәселелері қарастырылды.

Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйі жөнінде баяндама жасады. Сондай-ақ бірқатар мемлекеттік орган басшылары мен өңір әкімдері жекелеген мәселелер бойынша есеп берді.

Президент отырыс барысында экологиялық қауіпсіздікке қатер төндіретін табиғи және антропогендік факторларға қарсы күрес аса маңызды екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы экология саласында шұғыл шешім қабылдауды қажет ететін проблемаларға баса назар аударды.

– Кеңес кезеңінен келе жатқан көптеген өндіріс орны, көмір жағатын электр станциялары мен қазандықтар экологиялық ахуалдың нашарлауына әкеп соқтырды, – деді Президент.

Бұдан бөлек, жиында қоршаған ортаны қорғауға үлкен жауапкершілікпен қарау жөнінде бірқатар мәселе көтерілді.

Президент облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар басшыларының назарын рұқсат етілмеген жерлердегі қоқыстарды жою және қоқыс өңдеу көрсеткіштерінің төмен екеніне аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыру нәтижесінде Үкіметке ұлттық экологиялық стандарттарды әлемдік стандарттарға сәйкестендіру, өндіріс орындарының зиянды шығарындыларын азайту, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу, рұқсат етілмеген жерлердегі қоқыстарды жою және эрозияға ұшыраған жерлерді қайта қалпына келтіру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Қарағанды облысы Шет ауданындағы егістік алқаптарын қалпына келтіріп, мал шаруашылығын дамытуға қатысты қанатқақты жобаның жүзеге асырылу тәжірибесін еліміздің өзге өңірлерінде қолдану мақсатында жан-жақты зерттеуге тапсырма берілді.

Жиын барысында су қауіпсіздігі саласындағы қауіп-қатер деңгейінің артып келе жатқаны атап өтілді.

Мемлекет басшысы экономиканың барлық саласында, әсіресе агроөнеркәсіп кешенінде суды үнемді пайдалану және су шығынын азайту үшін жүйелі тәсілдер қажет екеніне тоқталды. Себебі тоғандардың және су ресурстары шығынының негізгі бөлігі осы ауыл шаруашылығы саласына тиесілі.

Су үнемдейтін технологияны енгізу және суды тиімді тұтынуды экономикалық тұрғыда ынталандыру шараларын дамытумен қатар, су шаруашылығы инфрақұрылымын, атап айтқанда, суды пайдалану мөлшерін есептеу, мониторинг жүргізу және болжам жасау ісін цифрландырудың өзектілігі артып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев су шаруашылығы нысандары жұмысының тиімділігін және бөлінетін қаржыны жұмсаудың ашықтығы мен нәтижелілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударды.

Президент Үкіметке экология мен су салаларындағы ғылыми және кадрлық әлеуетті күшейту үшін шаралар қабылдауды тапсырды. 2030 жылға дейін кезеңде су ресурстарын бағалау саласында мақсатты ғылыми-зерттеу жобалары жүзеге асырылады. Оның нәтижесі су саласын басқаруда ескеріледі.

Мемлекет басшысы күн тәртібіндегі екінші мәселені талқылау нәтижесінде сапалы ауызсудың қолжетімді болуы су қауіпсіздігінің басты көрсеткіші екенін атап өтті.

– Халықты ауызсумен қамтамасыз ету және су қорын келешек ұрпаққа сақтау үшін жан-жақты шаралар қабылдау – біздің тікелей міндетіміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын соңында уәкілетті мемлекеттік органдарға ұлттық қауіпсіздіктің ең маңызды бағыты саналатын су қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берілді.

КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ІСКЕ АСАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Интернациональный, Күйгенжар, Мичурино елді мекендерінің тұрғындарымен кездесті. Қала басшысы тұрғындар тарапынан көтерілген өзекті мәселелер кезең-кезеңімен шешілетінін мәлімдеді.

«Интернациональный, Күйгенжар, Мичурино елді мекендерінің тұрғындарымен кездестім. Елді мекендерде негізгі мәселелер инженерлік желілер, әлеуметтік нысандар, жолдар салу, жарықтандыру жүргізу ісіне және т. б. қатысты. Сол сияқты тұрғындар сумен жабдықтау, электр энергиясы, автобустарды іске қосу бойынша сұрақ қойды. Мәселен, жазда қосымша №3 су сорғыш-сүзгіш стансаны іске қосуды жоспарлап отырмыз, бұл бүкіл қала бойынша су мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ қалаға жылумен, электрмен жабдықтауда қосымша күш беретін тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері нысандарының бірқатарының құрылысын аяқтауды жоспарлап отырмыз» деді әкім.

Сонымен қатар, Жеңіс Қасымбек биыл 11 мектеп салынып (14-і салынып жатыр), 6 мыңға жуық әлеуметтік пәтер тапсырылатынын, сондай-ақ қалаға 400-500 автобус жеткізілетінін, екі жыл ішінде инвесторлар есебінен 40-қа жуық балабақша бой көтеретінін жеткізді.

«Кездесуде тұрғындар көтерген мәселелер шешіледі. Біз оларды кезең-кезеңімен іске асырамыз» деді қала басшысы.

ОТБАСЫ КҮНІ ОТАУ ҚҰРДЫ

Индира БЕРЖАНОВА

Халықаралық отбасы күні аясында Астана қаласы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының бастамасымен және Есіл ауданы әкімдігінің қолдауымен жас жұбайларға неке қию куәлігі салтанатты түрде тапсырылды.

6 жұптың қуанышымен бөлісіп, олардың өміріндегі маңызды сәттің куәсі болуға келген туған-туысымен бірге Есіл ауданының әкімі Асылбек Есенбаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Светлана Айтбаева, Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Назгүл Мақжан да келіп құттықтады.

Салтанатты іс-шара барысында фойеде қонақтарға арнайы №2 өнер мектебінің «Сырлы саз» фольклорлық ансамблі өнер көрсетті.

– Бәйтерек – біздің ұлттық тұғырымыз. Осынау киелі жерде сіздердің жастық шағыңыз тоғысып, армантілегіңіз ұштасып тұр. Осы жақсы ырым жалғасын тапса екен. Сіздерді бүгінгі мерекемен құттықтай отыра, құрып жатқан шаңырағыңыз биік болсын, керегеңіз кең болсын дегім келеді, – деді құттықтау сөзінде Есіл ауданының әкімі Асылбек Есенбаев.

Жас жұбайлар өзінің отбасылық өмірінің алғашқы қадамын Есілдің сол жағалауындағы «Бәйтеректің» басында жасауын жақсылыққа балап, маңызды сәт екенін айтты. Қазақы ұғымымызда жайқалған бәйтеректей жапырақ жайып, орманға айналсын деген ұғым жұбайлардың бүгінгі арман-тілегімен ұштасып жатты.

«Үйлену – оңай, үй болу – қиын. Оған ерлі-зайыптының екеуі бірдей атсалысуы керек. Отбасының беріктігі сыйластық пен өзара түсінушіліктің, бір-бірімізді толықтырып отырумен тікелей байланысты деп ойлаймын. Жастарға да осы қасиеттерді көбірек бойына сіңіріп, сезімін аялауға, кешірімді болуға, ата-анасын сыйлап, бір-бірін тыңдауға шақырамын» деді өз сөзінде Светлана Айтбаева.

Жастармен әңгімелесу барысында өмірге маңызды қадам басқалы тұрған жұбайлардың отбасы құндылығы, алдағы өмірі туралы ойы тоқтаған, қазақы дәстүрдің алға апарушы міндетін түсінетіні қуантты.

Жас жұбайлар Айбол Нарманов пен Салтанат Абдрахманова мерекелі күнде неке қиюын жақсылыққа балады.

«Шыны керек, мұндай салтанатты рәсімді күткен жоқпыз. Біз осы 15 мамыр күніне өтініш тастап едік, кейін «Бәйтерекке» шақырту алдық. Оның да өз мәнісі бар деп білеміз. Шаңырағымыздың биік әрі берік боларының бір белгісі» деді олар.

Есіл аудандық АХАЖ бөлімінің басшысы Раушан Зарированың сөзінше, ауданда ай сайын орташа есеппен 300 жұп неке қияды.

– Әлеуметтік орта жас жұбайларға берекелі отбасы болуына мүдделі. Біз қоғамымызда ажырасудың аз болғанын қалаймыз, сондықтан отбасы институтын кеңінен насихаттауға тырысамыз, – деді Р.Зарирова.

Бұл салтанатты рәсім Отбасы күніне орай елордада өтетін іс-шаралардың шымылдығын түрді. Мұндай мағыналы шаралар отбасы мәртебесін көтеріп, ортақ құндылықтарды дәріптеуде орны ерекше болмақ.

Мереке күні заңды некеге тұрған жұптардың жүзі бал-бұл жанып, бір-біріне ерекше жылумен қиыла көз тастады. Арадағы іңкәр сезім оларды алға жетелеп, сеніміне қанат бітіргендей. Біз де шаңырағы шайқалмай, отбасы құндылықтарын берік сақтаса екен дегіміз келеді.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Әзербайжан президенті Ильхам Әлиев пен Армения премьер-министрі Никол Пашинян Брюссельде кездесті.

Кездесу Еуропа кеңесінің төрағасы Шарль Мишельдің араағайындығымен өткен. БАҚ хабарына қарағанда, әзербайжан-армян шекарасы мен Таулы Қарабақ төңірегіндегі жағдай талқыланған. Бұған дейін «екі тарап бейбіт келісім жобасын талқылайды» деген ақпарат тараған. Әлиев пен Пашинян кездесер қарсаңында да екі ел арасында кезекті қарулы қақтығыс болған еді.

Түркияда президент пен парламент сайлауы өтіп жатыр.

Сарапшылар ресми нәтиже шықпайынша, әзірге қандай да бір болжам айту қиын деп отыр. Тіпті екінші турдың да өтуі мүмкін. Елде ресми емес сайлау нәтижелерін Анадолу және Анка ақпарат агенттіктері жариялап отыр. Анадолу нәтижесі бойынша елде 99,1 пайыз дауыс саналған. Онда Ердоған, 49,36 пайыз, Кылычтароғлу 44,99 пайыз дауыс жинады. Саяси додада жеңіске жету үшін үміткерге сайлаушылардың жартысынан көбі дауыс беруі тиіс.

Германия Ресей-Украина соғысы басталғалы бері алғаш рет Киевке рекордтық көрсеткіш көлемінде әскери көмек беретінін мәлімдеді.

3 млрд доллар көлемінде көмек украин басшысының Берлинге сапары қарсаңында жарияланды. Әскери көмек аясында Marder маркалы жаяу әскерге арналған 20 әскери машина, 30 дана Leopard-1 танкісі, 15 дана өздігінен жүретін Gepard қондырғысы, 4 дана Iris-T зенит кешені, артиллерияға қажет қосымша оқ-дәрі мен 200 броньды әскери және тыл машинасы беріледі.

БІРЛІК СИМВОЛЫ

Елорданың Дін істері жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен «Конфессияаралық келісім аллеясында» ағаш отырғызу шарасы өтті. Қаладағы діни бірлестіктердің қатысуымен өткен іс-шара барысында 40 түп ағаш отырғызылды.

Индира БЕРЖАНОВА

2017 жылдан бастап мемлекеттік мекемелер мен діни бірлестіктердің басшылары қолға алған акция жыл сайын дәстүрлі түрде өтеді. Оның негізгі мақсаты – қаланың тазалығын сақтау, экология мәдениетін қалыптастыру және дінаралық қарым-қатынасты жақсарту.

«Конфессияаралық келісім аллеясы» Астананың орталығында орналасқан. Бейбітшілік және келісім сарайының аумағында жайқалып өсіп тұрған ағаштар – қаладағы діни бірлестіктер мен қоғам белсенділерінің ортақ жемісі. Шараға қатысушылар саны жылдан-жылға артып келетіні қуантады. Бұл игі дәстүр – толеранттылық пен ауызбіршіліктің бірегей көрінісі» деді Астана қаласының Дін істері жөніндегі басқарма басшысы Нұрдәулет Әлмұханов.

Президент саябағында өткен іс-шараға конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Нұрсұлтан Назарбаев орталығының төрағасы Болат Сәрсенбаев, «Әйелдер хоккей академиясының» жас хоккейші қыздары да қатысты. Астана қаласы Православ шіркеуінің өкілі Дмитрий Байдектің сөзінше, қаланы абаттандыруға үлес қосу – әрбір қала тұрғынының парызы.

«Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» демекші, сауабы мол шара еліміздің бүгінгі қол жеткізген маңызды жетістігінің бірі – қоғамда ұлтаралық және дінаралық келісімге негізделген әлеуметтік тұрақтылықты көрсетеді. Көпке үлгі-өнеге көрсету мақсатында салауатты қоғам қалыптастыруға үн қосып, көк желекті ағаштар отырғызу арқылы ертеңгі ұрпақ тәрбиеленеді» деді Әзірет Сұлтан мешітінің бас имамы Ерболат Нұрылдаұлы.

Еліміздің этникалық және діни сан алуандығы – мемлекетіміздің, сонымен қатар, қоғамның көп тармақты дамуының негізі, ал толеранттылық және бейбітшілік әрбір қазақстандық таңдайтын бірліктің бейнесіне айналды.

18 МЫҢ САРБАЗ САП ТҮЗЕЙДІ

Астанада әскерге шақырылғандарды алғашқы медициналық тексеру жүргізуге арналған жиын пункті жаңа ғимаратқа көшірілді. А.Затаевич көшесіндегі бұрынғы ғимарат жарамсыз деп танылған еді. Республика көшесіндегі жаңасында әскерге аттанатын жастарды жан-жақты тексеруге барлық жағдай жасалған. Өткен сенбіде Қорғаныс министрінің орынбасары Мұхамеджан Таласов пен Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмұрзаев осы жиын пунктінің жұмысымен танысуға барды.

Райхан РАХМЕТОВА

Жиын пунктінің тыныс-тіршілігімен Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің бастығы, подполковник Медет Турскелдиев таныстырды.

– Астана халқының саны жылдан-жылға қарыштап өсіп келеді. Бүгінде қалада ресми деректер бойынша 1 млн 350 мыңға жуық адам тұрады. Бұл өз кезегінде әскери есепте тұрған әскерге шақырылатындар мен әскери міндеттілер санының көбеюіне әкеледі. Соған сәйкес, олармен өткізілетін жоспарлы іс-шаралар саны да артады. Осыдан 10 жыл бұрын елорда халқы 760000 адам кезінде жиын пункті А.Затаевич көшесіндегі екі қабатты, ауданы 1938 шаршы метр ғимаратта орналасқан еді. 1955 жылы салынған ескі құрылыс нысанында 2 аудандық әскерге шақыру комиссиясы ғана жұмыс істейтін. Сонымен қатар әскерге шақырылғандарды емханаға анализдер мен қосымша тереңдетілген медициналық тексеруден өткізу үшін көлікпен тасымалдауымызға тура келетін. Бұл қосымша көлік шығыны мен уақытты қажет ететін. Қазір жиын пункті, жаңа заманауи талаптарға сай, еңселі, 2014 жылы салынған алты қабатты, жалпы ауданы 4080 шаршы метрді құрайтын ғимаратқа көшірілді. Оның әр қабатына бір-бірден Алматы, Сарыарқа, Байқоңыр аудандары мен қалалық бақылау медициналық шақыру комиссияларын, әскерге шақырылғандарды жатқызатын казарманы орналастырдық. 2, 3, 4-қабаттағы аудандық шақыру комиссияларындағы барлық тексерістен өткен соң, әскери қызметке жарамды деп танылғандары қалалық жиын пункті орналасқан 5-6-қабатқа көтеріледі. Азаматтарды үш күн ішінде әскери бөлім өкілдері тексеріп, әскерге жібереді. Оларға арналған тамақтану орны 1-қабатта орналасқан. Қазір әскерге шақыру науқаны ойдағыдай өтіп жатыр. Ал әскерге шақыру науқанында шақырылатын азаматтарды қосымша тереңдетілген дәрігерлік тексеруден өткізу және анализ тапсыру үшін бұрынғыдай тасымалдаудың қажеті жоқ, себебі емхана көршіғимаратта орналасқан. Сонымен бірге биыл Астана қаласы әкімдігі қосымша қызметтік көліктермен де қамтамасыз етті. Осылайша республика бойынша үлгілі жиын пунктін қалыптастыруға бел будық, – деп баяндады Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің бастығы, подполковник Медет Турскелдиев.

Пунктті көруге келген басшылар ғимараттың әр қабатында орналасқан арнайы қызмет және дәрігерлер комиссиясы бөлмелеріне кіріп, олардың медициналық құралдармен қалай жабдықталғанын көрді, сондай-ақ осы жерден әскерге аттануға дайындалып жатқан жастармен кездесті. Оларға әскери қызмет атқарғандарға берілетін қосымша жеңілдіктер туралы айтып, қызметіне абырой мен табыс тіледі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2 ақпандағы Жарлығына сәйкес, биыл 1 наурыздан бастап ел аумағында азаматтарды көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру іс-шарасы жүргізілуде. Соған орай 195 әскерге шақыру пунктінде қалалық және аудандық әскерге шақыру комиссиялары жұмыс істеп тұр. Оларға әкімдердің орынбасарлары басшылық етеді. Осылайша биыл 1 шілдеге дейін елімізде әскерге 18 мыңнан астам адам шақыртылады. Бұл туралы кеше Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы өткен брифингте айтылды. Брифинг спикерлері Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің өкілі, запастағы полковник Ғани Артықов пен ҚР Ұлттық ұланының жасақтау және әскерге шақыру бөлімінің бастығы, полковник Фархат Айдарбаев әскерге шақыру тәртібін түсіндірді. Олардың айтуынша, Қарулы күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың қатарын әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатуға негіз жоқ, 18 бен 27 жас аралығындағы ер-азаматтар толықтырады. 18 мыңнан астам әскерге шақырылатындардың ішінде Қарулы күштерге – 7785 адам, Ұлттық ұланға – 6823 адам, ҰҚК Шекара қызметіне – 3400 адам, Төтенше жағдайлар министрлігіне – 306 адам, мемлекеттік күзет қызметіне 88 адам бөлінеді.

2021 жылдан бастап әскерге шақырылушылар SMS-хабарлама жолдау арқылы да хабардар етілуде.

Балаға әке-шеше арқылы келетін ауулардың алдын алатын тәжірибе сәтті аяқталды.

Бұл бағытта Ұлыбритания ғалымдары біраз еңбек етті. Ал швейцариялық оқымыстылар миды зерттейтін бірегей құрал ойлап тапты. Сарапшылар мұндай тың жаңалықтар медицина мен өзге де салаларға серпіліс әкеледі деп отыр. Ұлыбританияда ғалымдар баланы үш адамның ДНҚ-сын қолдану арқылы дүниеге әкелді. Зерттеушілер мұндай жетістікке баланың әке-шешесінен берілетін ауруларды алдын алу мақсатында қол жеткізді.

Перуде 4 мыңжылдық тарихы бар көне ғибадатхана кешені табылды.

Ол елдің батыс бөлігінде орналасқан. Бұл туралы Сан-Маркос университетінің ғалымдары хабарлады. Мамандардың айтуынша, ғибадатхана ерте кезеңде діни рәсімдерді өткізетін жер болған. Қазір археологтар оны құм мен тастан тазартып жатыр. Осы уақытқа дейін кешеннің баспалдақтары аршылған. Осыдан бұрын археологтар Мысыр шөлінде 5 ғасырлық тарихы бар ежелгі христиан ғибадатханасын тапқан еді.

Бас қалада Әлихан Мақсұт атындағы «RoboZerde-2023» I қалалық робототехника фестивалінің жеңімпаздары анықталды. Фестиваль белгілі кинорежиссер Мұрат Есжан түсірген «Әлиханның арманы» деректі фильмінің тұсаукесерімен ашылды.

РОБОТОТЕХНИКА ЖЕТКІНШЕККЕ ЖАТ ЕМЕС

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының қолдауымен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Әлихан Мақсұт атындағы «RoboZerde-2023» I қалалық робототехника фестивалі өтті. Фестивальда елордалық 40 мектептен 75 команда сайысқа түсті.

Өмірден ерте озған дарынды оқушы, физика, робототехника салалары бойынша республикалық, халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалардың бірнеше дүркін жеңімпазы Әлихан Серікзатұлы Мақсұттың ғибратты ғұмырын мектеп оқушыларына үлгі ете отырып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауларында айтылған елімізге қажетті болашақ техник мамандарды дайындауға қолдау көрсету, оқушылардың жасаған инновациялық жобаларын, өнертабыстарын БАҚ және әлеуметтік желі арқылы халыққа кеңінен насихаттау фестивальдің басты мақсаты болды.

Фестивальді Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, №9 «Зерде» мамандандырылған мектебі, «Роботек» робототехника мектебі және Әлихан Мақсұт атындағы дарынды балаларды қолдау қоры бірлесіп ұйымдастырды.

Оның ашылу және жабылу салтанатына Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, Парламент Мәжілісінің депутаттары, Астана қаласы әкімдігі Білім басқармасының басшысы, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, өнер қайраткерлері, журналистер, блогерлер қатысты.



ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Елордада тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыбында іс-шара өтті.

Шара аясында халықаралық Отбасы күніне орайластырып «Жаңа адамдар», «Той көйлегі» атты арт-нысан – қалыңдықтың әсем киім үлгісін таныстырды. Оған сублимация әдісімен соңғы сенсация жаңалықтары бар БАҚ-тағы мақалалар жазылды. Арт-нысанның жанында психолог-сарапшылардың тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғаларын тану, оларға қарсы тұру және алдын алу бойынша практикалық кеңестері бар арнайы карточкалар орнатылды.

– Біз отбасылық зорлық-зомбылықтың қоғам назарынан тыс қалмауын және жасырын қылмыстан жазасын өтейтін қылмыс болуын қалаймыз. Ұру бұл махаббат емес. Ұру – қылмыс. Біз әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты заманымыздың ең маңызды әлеуметтік мәселесінің бірі деп санаймыз. Мұндай жағдайлардың әрқайсысы – әйелдердің құқығын бұзу ғана емес, оның өміріне тұтастай қауіп төндіру. Қоғам бұл мәселе бойынша кінәлілерді жазалауды талап етуі керек. Әйелдердің құқығын құрметтемей және қорғамай, біз жаңа да әділ Қазақстан құра алмаймыз, – дейді жастар қозғалысының мүшесі Ғазиза Ұлықманова.

БАЙҚАУҒА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласының тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету, «Еңбек – елдің мұраты» арнайы жобасын іске асыру және жастарды еңбекке баулу мақсатында елімізде «Еңбек жолы» республикалық конкурсы басталды.

Конкурс «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» ұранымен еңбек адамының қоғамдағы беделін арттыруға және өнімді еңбекті ынталандыруға ықпал етеді.

Кәсіпорынның (саласына қарамастан) барлық жұмыскері конкурсқа қатыса алады. Конкурс «Үздік еңбек әулеті», «Өндірістің үздік жас маманы», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» сынды 3 номинациядан тұрады.

Конкурс облыстық және республикалық деңгейде өтеді. Оған қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

1) номинациясы көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтінім;

2) жеке куәліктің көшірмесі;

3) номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан аспайтын бейнеролик (қалауы бойынша жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);

4) конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хоббиі және т. б.) 1 минуттан тұратын компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);

5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландырған еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмесі/жұмыс орнынан анықтама;

6) жұмыс беруші немесе кәсіподақ берген ұсыным хат.

Бар болса, мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, мадақтау қағаздарының, алғыс хаттардың көшірмесі; біліктілікті арттыру туралы куәліктер (бар болса) көшірмесі берілуі тиіс.

Өтінімдерді қабылдау 2023 жылғы 1 мамырдан бастап 15 шілдеге дейін жүргізіледі.

Конкурс жөнінде толық ақпаратты 55-68-90, 8-700-399-66-53 («Астана қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ) телефоны арқылы алуға болады. Мекенжайы: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9-үй, 3-қабат, 326-кеңсе, еңбек қатынасын бақылау бөлімі, эл. пошта: d.nasyrova@astana.kz

№57 (4490) 16/05/2023 Сейсенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ

АМАНАТҚА АДАЛ БОЛУ – ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ

Биыл 20 наурызда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел билігін қолына алғанына төрт жыл толды. Тарихтың таспасына қашалып қалған осы жылдарда елдегі саясатқа сеніммен қарағандар да, күдікке көмілгендер де болғаны анық. Алайда Мемлекет басшысы өзінің таңдаған тура жолынан таймады, елдің еңсесін тіктеп қана қоймай, кемел келешектің кеңістігіне алып шықты. Бұл жүйелі де маңызды реформалардың кеңістігі еді. Әділетті Қазақстанды құру жолындағы осы реформаларға талдау жасайық.

ҚАҢТАР ҚАСІРЕТІ МЕН САБАҒЫ: САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА НЕГІЗ ҚАНДАЙ?

Қаңтар қасіреті Президент Қ-Ж.Тоқаев билік құрған кезеңдегі ең үлкен сынақ болды. Елдің бірнеше қаласындағы жаппай бұзақылықтар, мемлекеттік нысандарды басып алу, ондаған адамның өмірмен қоштасуы мен жүздеген адамның жаралануы, қоғамдағы бейберекетсіздік – осының бәрі ел басшысынан жедел, қатаң және жаңылмайтын шешім қабылдауын талап етті. Сайып келгенде, Қасым-Жомарт Тоқаев жеке басына төнген қауіпке қарамастан, өз Отанын да, сенім білдірген ел-жұртын да қорғап, сын сағатта сыбайласып жоғары билікті күшпен басып алмақ болған арам ниеттілерге ешқандай да мүмкіндік бермей, жеңіп шықты.

Кейінірек Парламентте сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қаңтар қасіретінің себеп-салдары терең зерттеуді қажет ететінін, бұған дейін ел саясатында жіберілген қателіктерге талдау жасалатынын мәлімдеді. «Қаңтардағы Алматының және еліміздің басқа қалаларының қасіреті көрсеткендей, заңсыздықтың белең алуы, жүгенсіздік, анархия адам құқықтарының бұзылуына әкеледі. Алдағы уақытта мұндайға жол бермейміз» деп қадап айтты. Президент мемлекет терактілердің болатынын «жіберіп» алғанының негізгі себебі басынан аяғына дейін қаруланған бандиттердің іс-қимылының, басшылығының, әскери дайындығының және асқан қатыгездігінің нақты іс-жоспары алдын ала жасалғанын айтты. Ал Қаңтар қасіретінен 1 ай уақыт өткенде, Қ-Ж.Тоқаев Ресейге екі күндік ресми сапарға аттанды. Бұл жолы еліміздегі билік транзиті толық аяқталып, билік Президенттің қолына өткен еді.

ЖАҢАРУҒА БЕТ АЛҒАН ҚОҒАМ

Қаңтардағы қателіктер біздің қоғамда шынайы әділеттіліктің орнамағанын ашық көрсетті. Қоғамдағы әлеуметтік шиеленістердің негізгі себебі қарапайым халықтың күнделікті тұрмысының нашарлауы, табысының жұмырына жұқ болмауы екенін тамыршыдай тап басып, анықтады.

Қ-Ж.Тоқаев аз ғана элиталық, олигархиялық топтар ықпалының артуы және халықтың басым бөлігінің табысының азаюы ұлттық қауіпсіздікке үлкен қатер төндіргенін, бұл қоғамның экономикалық, әлеуметтік, содан кейін саяси бөлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін екенін дәлме-дәл болжады. «Ұлттық табыстың әділ бөлінуі бойынша теңгерімсіздік пен проблеманың бар екені айдан анық. Халықаралық сарапшылар (KPMG, 2019 жыл) Қазақстан байлығының жартысы 162 адамның ғана қолында екенін растап отыр. Осы ретте халықтың жартысының айлық табысы 50 мың теңгеден аспайды. Бұл – жылына 1300 доллардан сәл ғана асады деген сөз. Мұндай ақшамен өмір сүру мүмкін емес. Жағдайды дереу өзгерту керек» деп мәлімдеді Президент отандық бизнес өкілдерімен кездесуде.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес-қауымдастықты осыдан сабақ алып, Жаңа Қазақстанның негізі болуға тиісті жаңа экономикалық саясатты қалыптастыру үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды. Мемлекет басшысы кәсіпкерлерді патриотизм мен әлеуметтік жауапкершіліктің үлгісін көрсетуге, капитал, тәжірибе, басқарушылар тобы мен нарықты дәл пайымдау сияқты ресурстарды экономиканы қайта құруға жұмсауға шақырды. «Бүгінгі сөз болып отырған реформа «тартып алуды және қайта бөлуді» көздемейтінін тағы да қайталап айтамын. Бұл ақымақтық және жауапсыздық болар еді. Міндет – сіздерді, ұлттық буржуазияны еліміздің әлеуметтік-экономикалық моделін трансформациялау үдерісіне белсене атсалысуға тарту. Өндіріске инвестиция салу, сапалы жұмыс орындарын ашу және экспорттық әлеуетті арттыру бағытындағы игі істерге жауап ретінде мемлекет жеке меншікті қорғау бойынша кепілдікті арттыруға, тұрақтылық пен мемлекеттік реттеудің болжамдылығын қамтамасыз етуге, бәсекелестікті әкімшілік ресурстардың араласуынан, жемқорлық пен фаворитизмнен қорғауға дайын» деді сол жиында Президент.

Сайып келгенде, Қ-Ж.Тоқаев мемлекетті жаңарту қарқынын бәсеңдеткен жоқ, керісінше, реформалардың жалғасатынын жариялады. Өткен жылы 16 наурызда Қазақстан халқына Жолдауын арнап, суперпрезиденттік басқару моделінен бас тартатынын ашық айтты. «Біз қасіретті қаңтардан мынадай маңызды сабақ алдық: мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырлануы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейтеді. Сосын олар мемлекетті жеке меншігі сияқты көре бастайды. Қай елде болса да, тамыр-таныстық кадр іріктеу ісін бұрмалап, сыбайлас жемқорлықтың тамыр жаюына әкеп соқтырады. Тамыр-таныстық пен рушылдық құрдымға бастайтынын нақты ұғыну қажет. Мұндай қарым-қатынас шағын ғана топтың шалқып өмір сүруіне жол ашады. Ал өзгелерді өмірінің ешқандай болашағы жоқ екеніне біржола мойынсұнып, тек өлместің күнін көру үшін арпалысуға мәжбүрлейді. Барлық азаматтарға бірдей мүмкіндік берілетініне Мемлекет басшысы мызғымас кепіл болуға тиіс» деді Президент. Ол өкілетті билік тармағы қайта құрылатынын, партияларды тіркеу ресімі жеңілдейтінін, еліміз аралас сайлау жүйесіне көшетінін жеткізді. Осы Жолдауында Президент жаңа облыстардың құрылатынын да жария етті.



РЕФЕРЕНДУМ МЕН САЙЛАУ: ҮМІТ ПЕН СЕНІМ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕДІ

5 маусымда елімізде республикалық референдум өтті. Соның нәтижесінде Ата заңымыздағы өлім жазасы түпкілікті шегерілді. Президент бірқатар өкілетін Парламентке берді. Конституциялық сот құрылып, іске кірісті. Президенттің туыстарына мемлекеттік қызметте жоғары лауазымдарды иеленуге тыйым салынды. Конституцияға «жер мен табиғат байлығының қожайыны – халық» деген норма енгізілді. Ата заңға енгізілген осындай түзетулерді қазақстандықтардың 70 пайыздан астамы жақтап, дауыс берді. Іле-шала халыққа үндеу жолдаған Қ-Ж.Тоқаев Конституцияға енгізілген түзетулер ауқымды реформалардың басы екенін атап айтты. Ал қыркүйектегі Жолдауында Мемлекет басшысы Қаңтар қасіретіне қатысушыларға рақымшылық жариялады. Сондай-ақ, алдағы уақытта Президент және Парламент сайлауы өтетінін мәлімдеді. Мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаты Әділетті Қазақстанды құру екенін тағы қайталап айтты.

Ауқымды реформаларды жүзеге асыру үшін Қ-Ж.Тоқаев халықтың өзіне деген сенімін сынап, мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізді. 2022 жылдың 20 қарашасы еліміздің саяси өмірінің тарихына айтулы оқиға болып жазылды. Сайлау додасына «Әділетті Қазақстан: әркім үшін және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрқашан» деген өз қолымен жазған бағдарламасымен түсті.

«Әділеттілік идеясы біздің мемлекеттік саясатымыздағы негізгі тұғырымыз болады. Сондықтан біз «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген формуламен өмір сүреміз. Жаңа әділетті Қазақстанды құру үшін біз жаңа мемлекеттік саясатқа көшеміз» деді Президент. 20 қарашадағы сайлауда Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтардың 81,31 пайыз дауысын иеленіп, айқын басымдықпен жеңіске жетті. Сайлауға қатысушылардың келуі 69,44 пайызды құрады. «Осы сайлауда жұртымыз маған зор сенім білдірді. Шын мәнінде, ел сенімін еш нәрсемен өлшеу мүмкін емес. Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма батасы деп қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін. Қазақта «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымның сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын» деп ант берді Президент ұлықтау рәсімінде.

Биыл 19 наурызда аралас жүйеде өткен Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы Қ-Ж.Тоқаев реформаларының нақты жүзеге асырылып жатқанын әлемге паш етті. Орталық сайлау комиссиясы Мәжіліске сайлауға қатысуға ұсынылған барлық 7 саяси партияның үміткерлерін тіркеді. Алты партия Мәжілістен орын алды.

Расында да, референдумнан кейін Конституцияның жаңа талаптарына сәйкес билік тармақтарын түгелдей жаңарту басталды. «Халықтың да көптен күткені осы еді. Конституциялық өзгерістерге сәйкес, Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті. Референдумды қосқанда, бір жылға жуық уақыттың ішінде өте маңызды 5 саяси науқан өткізілді. Оның бәрі аса күрделі кезеңге тұспа-тұс келді. Қаншалықты күрделі болса да, біз еліміз үшін өте қажет жолды қысқа мерзім ішінде жүріп өттік. Қазақстанның жаңарып, жаңғыра бастағанына жұрттың көзі жетті» деп мәлімдеді Қ-Ж.Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде.

ҰЛЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖЫЛЫ: САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖАЛҒАСЫ

Өткен жыл Мемлекет басшысы үшін де, қазақ халқы үшін де ұлы өзгерістердің жылы болғаны рас. Қаңтар қасіретінен бастау алған жыл мемлекеттілігіміз бен тәуелсіздігімізге қауіп төндіргенін дүние жүзі түгел көрді. Алайда Қасым-Жомарт Тоқаевтың байыпты, салиқалы және прагматикалық саясатының арқасында еліміздің тұтастығы мен қауіпсіздігі сақталып қалды. Көшбасшылық қабілеті өз алдына, Президент, ең бастысы, өзінің туған ұлтын, елін шексіз сүйетінін ісімен дәлелдеп берді. Ел басына қатер төнген алмағайып кезеңде ішкі ресурс пен сыртқы күштерді өзара үйлесімділікпен біріктіріп, жан-жақты ойластырылған қадам жасау аса маңызды еді. Мұндайда тұлғалық қабілеті толысқан, дипломаттық және мәмілегерлік қасиеті бар басшы ғана дұрыс шешім қабылдайтынын көзімізбен көрдік. Қасым-Жомарт Кемелұлы жаңаша ойлайтын саясаткер екенін, кез келген саяси дағдарыстан шығатын жолды дәл таба білетін кризис-менеджер екенін көрсетті.

2022 жылы басталған мемлекеттік-саяси қайта құру жоспары биыл Мәжіліс және мәслихаттар сайлауымен аяқталды. Бұл қадамдар саяси жүйедегі ойындардың жаңа ережелермен жүргізілетінін меңзеді. Реформатор Президент Қазақстанның жаңа саяси моделінің авторы және жүзеге асырушысы ретінде танылды. Билік пен бұқараны жақындастырып, арасына сенім мен жауапкершілік көпірін орнатқан ел басшысы, әлбетте, халықтың қолдауына сүйеніп отыр. Соңғы жылдардағы сайлау науқандарында халықтың ықыласына бөленіп қана қоймай, әділетті және маңызды реформалар жүргізуге сенімін алғанының өзі – зор жетістік. Бұл бағыттағы Қ-Ж.Тоқаевтың ұстанымы – тұрақтылық пен байыптылық.

Шындығын айтар болсақ, Қ-Ж.Тоқаев тиімді де табысты саясаткерге айналған тұлға десек қателеспейміз. Ішкі және сыртқы саясатта әділдік пен ұстамдылық тізгінін тең ұстайды. Бір жағынан, ұлттық мүддемізді қорғауды, ұлттық құндылығымызды ұлықтауды үнемі алға тартады, екінші жағынан, алпауыт көршілермен ғана емес, өзге елдермен де достық, ынтымақтастық қатынастарды барынша кеңейтуге ұмтылады. Заманауи технологияларды игергені мен бірнеше шетел тілін меңгергені – бұл істегі басты жетістігі. Кәнігі дипломаттығы мен білім-білігі Президентке халықаралық саясатта орнықты, салиқалы стратегия, әдіс-айла ұстануға көмектеседі. Өн бойындағы жаңа заманның, жаңа буынның өкіліне тән қасиеттері еліміз үшін табысты жолды жаңылмай таңдауға, мың құбылатын саясі әлемде көршілермен де, басқалармен де дұрыс, оң қарым-қатынас жасауға, сол арқылы өркениетті елдердің көшіне қосылуға мүмкіндік берері сөзсіз. Лайым солай болғай!

АСТАНАДА 24 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек жаңадан салынып жатқан мектептер туралы айтты.

– Қалада 14 мектептің құрылысы жүріп жатыр, оның 11-ін келесі оқу жылында ашуды жоспарлап отырмыз. Бірқатар мектептің құрылыс барысымен таныстым. Олар Қарасай батыр мен Бұланты көшелерінің қиылысында, Көксеңгір көшесінің бойында, Ұлы Дала даңғылы мен Сауран көшесінің қиылысында, Тұран даңғылының бойында, Тұран даңғылы мен №24 көшенің қиылысында орналасқан. Мәселен, Қарасай батыр мен Бұланты көшелерінің қиылысындағы білім ордасы 87 жыл бұрын салынған ескі мектепті алмастыруға мүмкіндік береді. Жаңа оқу орны екі ауысымда 2400 оқушы орнына есептелетін болады, – деді қала әкімі.

Сонымен қатар қала әкімі апатты деп танылған мектептердің орнына жаңа білім ордасы салынып жатқанын жеткізді. «Көксеңгір көшесіндегі мектеп (Кирпичный елді мекені) осыған дейін апатты деп танылған, қазір бұл мектептің орнында жаңа оқу орнының құрылысы жүріп жатыр. Қазір бұл елді мекенде басқа мектеп жоқ, сол себепті оқушылар өзге аудандарға қатынап оқиды. Сондай-ақ Тұран даңғылы мен №24 көшенің қиылысындағы және Ұлы Дала даңғылы мен Сауран көшесінің қиылысындағы білім ошақтары №85 мектеп-лицейінің және №89 мектеп-лицейінің үш ауысымды проблемасын шешуге мүмкіндік береді. Бұл мектептердің әрқайсысы екі ауысымда 2400 оқушыға арналған. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша алдағы екі жылда Астанада «Жайлы мектеп» жобасы аясында 24 мектеп салынады» деп жазды елорда әкімі.

Жеңіс ҚАСЫМБЕК, Астана қаласының әкімі:

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Жеңіс Қасымбектің Астана әкімі болып қызметке кіріскеніне бес айға жуықтады. Осы уақыт аралығында елордада атқарылған жұмыстар, әсіресе бас қаладағы су тапшылығы, мектеп, балабақша және тағы басқа мәселелер туралы «Власть» интернет-журналының тілшісімен болған сұхбатты ықшамдап беруді жөн көрдік.

– Жеңіс Махмұдұлы, бас қалада өзіңіз бетпе-бет кездескен басты қиындық қайсы?

– Негізгі проблема көші-қонды реттеумен байланысты болып отыр. Өткен аптада Президент кеңейтілген отырыс өткізді, онда бірінші кезекте тұрақты, сапалы және жоғары ақы төленетін жұмыс орындарын қамтамасыз етумен айналысу керектігі айтылды. Егер қала жыл сайын 60-70 мың адамға өссе, оның ішінде бала туу көрсеткіші шамамен 30-40 мың болса, қалған 20-30 мың тұрғынды біз жыл сайын жұмыспен қамтамасыз етуіміз керек. Яғни, бірінші мәселе – жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету.

Ресми түрде бізде жұмыссыздық деңгейі еліміз бойынша төмен көрсеткіштердің бірі – 4,5%, қалада 1 млн 350 мың адам тіркелгенімен, бүгінгі таңда елордада 1,5 млн адамға дейін тұрып жатқанын білеміз. Мұнда басқа аймақтардан келетіндер көп. Олардың барлығын лайықты жұмыспен қамтамасыз етуіміз керек.

– Бірақ әкімдік оларға жұмыс тауып бере алмайды ғой?

– Әлбетте. Біз бизнестің дамуына, кәсіпорындардың құрылуына, медициналық нысандардың салынуына жағдай жасаудамыз. Бұл – ең маңызды мәселелердің бірі. Халық табысының өсуі де осыған байланысты. Одан әрі біз тұрғындарға әлеуметтік жағдай жасауымыз керек. Қалада жұмыс істейтіндердің дені – 30-40 жастағылар, олардың кем дегенде екі-үштен балалары бар, біз оларды мектеппен, балабақшамен, емханамен, аурухана мен және т.б. қамтамасыз етуіміз керек.

Үшінші мәселе – инженерлік инфрақұрылым. Тұрғындар саны өскен сайын, сәйкесінше жылу, су, кәріз қызметтерін тұтыну артатынына көзіміз жетті.

– Шынында да, инженерлік инфрақұрылымға қатысты қазір өте үлкен проблема туындап отыр. Неліктен?

– Мұндай өсу қарқынын ешкім жоспарлаған жоқ. Тек соңғы үш жылда елордалықтар қатары 200 мың адаммен толықты. Сонымен бірге мұнда табиғи өсім, яғни бала туу көрсеткіші жоғары. Ескі бас жоспар бойынша біз қазір 900 мың - 1 млн адам деңгейінде болуымыз керек, ал қазір Астанада іс жүзінде 1,5 млн адам тұрады.

– Сорғы-сүзгі станциясы неге үлгермей жатыр? Неліктен ол бұрын салынбаған?

– Ол осыдан бірнеше жыл бұрын салына бастады. Бізде Астана су қоймасынан келетін желілері бар тиісті инфрақұрылым салынуда. Бұл жарты жылда немесе бір жылда бітетін шаруа емес. Егер шартты түрде алсақ, осыдан үш жыл бұрын бұл үдеріс: жобалау, құрылыстың басталуы қолға алынбаса, біз бүгін шынымен қиын жағдайға тап болар едік. Үш жыл бұрын әкімдік өте дұрыс шешім қабылдады. Әрине, халық санының өсетіні алдын ала белгілі еді, бірақ осынша көлемде өседі деп ешкім ойламады. Сондықтан біз бұл жобаны аяқтаймыз, жазда суға тапшылығы толығымен жойылады.

– Төртінші станцияны жобалауды бірден бастайсыздар ма?

– Иә, жобалау жұмыстары биыл басталады. Сонымен қатар, Үкімет сумен қамтамасыз етудің бірнеше нұсқаларын қарастыруда. Біріншісі қарапайым, бірақ капиталды көп қажет етеді. Осылайша, Сабынды жерасты кен орнынан шыққан су, оны 1,5 жылда тез жасауға болады. Бұл жағдайда біз ауданда тәулігіне 40-50 мың текше метрді қосымша қамтамасыз етеміз, сол жағалау мәселелерін жауып, оң жағалаудағы жүктемені біршама азайтамыз.

Сорғы-сүзгі станциясының іске қосылуы аяқталғаннан кейін, шамамен жаздың аяғында біз су қысымының барлық тапшылығын толығымен жоямыз. Бұл ретте бізде орта есеппен 80-85 мың текше метр профицит қалады деп күтілуде, бұл барлық жобаларды шамамен 3-4 жыл мерзімде іске асыруға және тапшылықты сезінбеуге мүмкіндік береді. Жылу мәселесі де осылай шешіледі. Биыл біз осы қыста болған тапшылықтан 2,5-3 есе көп жылу беруіміз керек.

– Жылумен қамтамасыз етуде биыл тапшылық болды ма?

– Тұрғындар жылу тапшылығын сезінбеді, мысалы, тұрғын емес үй-жайлардағы, атап айтсақ, паркингтердегі және басқа да кейбір ғимараттардағы жылуды шектеу арқылы белгілі бір шаралар қабылданды. Олар жергілікті қазандықтарға ауыстырылды. Біздің стандарттар бойынша пәтерлердегі температура – 20-22 градус, Еуропада ол 4-5 градусқа төмен. Ал паркингтерде 21-22 градус жылу не үшін керек? Осыны ескере отырып, кейбір тұрғын емес үй жайлардағы температураны төмендеттік және бұл дұрыс шешім болды.

Тұрғын үй құрылысы жыл сайын артуда. Мәселен, өткен жылы шамамен 3 миллион шаршы метр үй тұрғызылды, орташа квадраты – 70-75 шаршы метр, бұл, шамамен, 35 мың пәтер. Биыл да құрылыс қарқыны бәсеңдеген жоқ. ЖЭО-3-тің бірінші кезеңін және екі газ-жылу станциясын іске қосу арқылы берілетін жылу 1000 гигакалориядан асады деп жоспарланып отыр. Бұл – өте ұзақ мерзімге жететін қор. Сонымен қатар, келесі жылы біз үшінші газ жылу станциясын аяқтаймыз, бұл қаланы қосымша 300-400 гигакалориямен қамтамасыз етеді.

– Осыдан кейін қала экологиясы жақсара ма?

– Бұл нысандардың кесірінен нашарламайды, өйткені барлық төрт жылу көзі де газбен жылытылады. Соңғы жылдары бірінші және екінші ЖЭО да газға ауыстырылды. Егер газ бойынша айтатын болсақ, инфрақұрылым 12 мың тұтынушыға жеткізілді, 8 мыңға жуық тұтынушы оған қосылды. Газға қосылу бағасы бойынша айтар болсақ, бұл бағытта қалада 60-70 компания жұмыс істейді, біз оларды газға қосылу құнын 800 мың теңгеден 500 мың теңгеге дейін төмендетуге мәжбүрлей алмаймыз. Дегенмен, әкімдік тұрғындарға көмектесуге тырысуда. Мысалы, халықтың әлеуметтік осал топтарына шамамен 400 мың теңгені субсидиялаймыз. Сонымен қатар, Халық Банкімен азаматтарға газға қосылу үшін пайызсыз несие беру туралы келісімге қол қойылды. Осылайша, жыл сайынғы инфляцияны ескере отырып, қала тұрғындары үйлеріне өте арзан бағаға газ өткізе алады.

– Жеңіс Махмұдұлы, бізде жер көп, бірақ неге орталықта биік үйлер біріне-бірі тым жақын салына береді?

– Біріншіден, орталықта дайын инфрақұрылым бар.

– Соңғы кездері құрылыс нысандарының осылайша тым жақын орналасуы тұрғындар тарапынан наразылық тудыруда. Бұған не дейсіз?

– Демек, ол бұл жүктемеге төтеп бере алады. Жаңа үйлерді қолданыстағы желілерге жалғау оңайырақ. Сонымен қатар, тұрғын үйдің орталықта болғаны тиімді. Шамамен Керуен, Сарыарқа сауда ойын-сауық орталықтарының маңындағы тұрғын үйлердің құны қаланың шетіндегі үйлерге қарағанда қымбатырақ болады. Яғни, үйлерді жапсарластыра сала берудің өзіндік факторлары жеткілікті. Бұл ретте мынаны айтқым келеді: төрт ай бойы біз қала орталығында тұрғын үй салуға ешқандай техникалық шарттар мен келісімдер берген жоқпыз. Осылайша, біз желідегі жүктемені азайтуға тырысудамыз. Екіншіден, біз биыл ЖЭО жобаларын, жылу станцияларын, сумен сорғы-сүзгі станциясын іске қосуды түбегейлі аяқтаймыз. Біз алаңға, саябаққа, рекреациялық аймаққа қарастырылған бірде-бір учаскеге тұрғын үй салуға рұқсат бермейміз. Бәрі тек қабылданған бас жоспар аясында жүзеге асырылады.

Дайындаған
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

№57 (4490) 16/05/2023 Сейсенбі

Қазақстанда халық тұрмысына қатысты оңтайлы шешім таппай келе жатқан мәселелер аз емес. Әрине, барлық істе «алма піс, аузыма түс» деп халықтың Үкіметке алақан жайып отыра бергені де дұрыс емес. Алайда Үкімет өзі араласып, тіке бақылауына алып шешпесе болмайтын мәселелер де көп. Соның бірі – баспана мәселесі.

ӨСІМСІЗ ҚАРЫЗБЕН ҮЙ АЛУ МҮМКІН БЕ?

ЕЛІМІЗДЕ БАСПАНАҒА МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ САНЫ 4,5 МИЛЛИОНҒА ЖЕТКЕН. АЛДАҒЫ 7-8 ЖЫЛДА ОЛАРДЫҢ САНЫ 10 МЛН-ҒА ДЕЙІН АРТУЫ МҮМКІН. ДЕМЕК, ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫНА ЖУЫҒЫ БАСПАНАҒА ЗӘРУ

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

ХАЛЫҚТЫҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫ БАСПАНАҒА ЗӘРУ

БАҚ беттеріндегі деректерге қарағанда елімізде баспанаға мұқтаж азаматтардың саны 4,5 миллионға жеткен. Алдағы 7-8 жылда олардың саны 10 млн-ға дейін артуы мүмкін. Демек, қазақстандықтардың тең жартысына жуығы баспанаға зәру. Мұны сала мамандары әлемде болып жатқан геосаяси жағдаймен және құрылыс материалдарының қымбаттауымен байланыстырады.

Қазақстан тұрғын үйді сатып алу қолжетімділігі бойынша әлемде 33-орында тұр. Алдыңғы 50 елдің ішінде бармыз дегенмен, халықтың күнкөріс жағдайымен салыстыра есептегенде, біздің елдегі үй бағасы да арзан емес. Оның үстіне, елімізде құрылыс материалдары өндірілмейді, импортқа тәуелді еліміз. Ипотекалық бағдарламалардың дені жалпы халыққа емес, тек белгілі бір әлеуметтік осал топтарға қолжетімді екені де жасырын емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөз сөйлеген кезде тұрғын үй мәселесіне арнаулы тоқталып, «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Маған азаматтардан күн сайын жүздеген өтініш келеді. Оның ішінде қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуді сұраған хаттар өте көп. Бұл түйткіл мемлекет тарапынан мүмкіндігінше шешіліп жатыр. Тағы да қайталап айтамын, мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді» деп атап көрсеткені – соның айғағы.

Баспана мәселесі ауыл, кенттерден гөрі ірі қалаларда аса көрнекті болып тұр. Әсіресе, Астана, Алматы, Шымкент сияқты ірі қалаларда жыл сайын қаншама ғимараттар салынғанымен, іргетасы қалана салып сатылып кетіп жатады. Бірақ оның барлығын баспанаға мұқтаж жандар алып жатыр деп айта алмаймыз, бір жолда қолма-қол ақша төлеп үй сатып алуға жағдайы келмейтін олар жан-жағына қарап болғанша, қалталылар қағып әкетеді. Себебі бізде үй саудасы – ең қызып тұрған сала. Құрылыс салушы компаниялар да, банктер де үй салу, үй сатудан опырып пайда табатынын былай қойғанда, үй алыпсатарлары мен 20-30 үйге дейін жалға беріп пайда тауып отырғандар да өзі жетіспей жатқан үйге болған сұранысты арттырып, бағаның күн санап өсуіне мұрындық болуда. Осы тұрғыдан алғанда, елімізде бір басында екіден артық үйі бар азаматтарға жеңілдетілген несие бермеу, үй салығын молайту жағын қарастырған дұрыс. Сондай-ақ пәтер жалға беріп табыс тауып отырғандардың көлеңкелі саудасына да тосқауыл қоймай, үй саудасындағы келеңсіздіктердің жолы кесілмейді.

Ал баспанаға мұқтаж жандар неге үй ала алмай отыр десек, бастысы, банктердің өсімі өте жоғары. Үй алуға арналған тиімді бағдарламалардың өзі тұрақты табысы бар, орташа деңгейде жалақы алатын азаматтардың өзін тұралатып жіберді. Ең тиімді деген «Отбасы банк» те «алатын үйдің бағасының жарты қаржысын жинау керек, қаржы жинаған уақытың 3 жылға, балдық көрсеткішің 16 нөмірге толуы тиіс» деген шарттарды қояды. Егер аталған банктен есеп ашып, ақша жинаған уақытың 3 жылға толмаса, сол 3 жыл толғанша, қарыз алған ақшаңа ғана емес, өзің құйған ақшаңның үстінен өсім қосып төлейсің. Содан барып, «Отбасы банктің» өсімі 5 пайыз, 8 пайыз дегенмен, екі сомаға бірдей өсім төлегенде оның пайыздық мөлшерлемесі 17 пайыздан асып түседі. Алда-жалда ол үйдің қарызын төлей алмай қалса, үйді тартып алғанның сыртында алғашқы салған жарнасы мен ай сайын төлеген ақшасын да қайтармайды.

Банктер бәрін өзіне қолайлы етіп жасап, халықтың желкесіне мініп алған. Осыған дейін олар банкрот болуға айналса, мемлекеттен ақша бөліп, сүйемелдеп келдік. Ал ұлттық қордағы ақша – халықтың қан-терімен жиналған қаржы. Бірақ соған қарамастан банктер айналып келіп халықтың қанын сүліктей сорады.

Демек үй алғысы келетін азаматтар банк пен үй алу бағдарламаларындағы осындай қитұрқылықтардан әбден шаршады. Міне, осы жағдайға байланысты халыққа өсімсіз несие беріп, баспана мәселесін шешудің жолдарын қарастырып жатқан азаматтар да бар екен. Соның бірі «Amanat drive» жобасының жетекшісі – Көңілбай Қалдыбекұлы.

«БАНКТЕРДІҢ ХАЛЫҚТЫ ҚАНАУЫНА КІМ РҰҚСАТ БЕРДІ?»

Менің Көңілбаймен кездесіп сұхбат алғанымa 3-4 айдан асты. Бастапқыда оны «Қазақстандықтарға өсімсіз үй алып берудің жолын қарастырып жүрген азамат» деп таныстырғанда, өз басым сенген жоқпын. Себебі қия басса тиын сұрайтын біздің елде ондай жеңілдік жасау ертегі сияқты естіледі.

Өзін «Асыл адам» қорының негізін қалаушы, «Бақытты отбасы» жобасының авторымын деп таныстырған ол «Amanat drive» жобасын таныстырудан бұрын, еліміздің тұрғын үй саясатындағы кейбір келеңсіздіктер мен банктердің былығы жайлы да біраз толғады.

«Біріншіден, біздің елдің халқында үй алуға келгенде мүлде таңдау еркі жоқ. Арқасына аяздай батып тұрса да, жоғары өсімді несиемен үй алуға мәжбүр. Екіншіден, халықтың үй сатып алған кездегі заңдық құқықтары аяққа тапталып жатыр. Оны ескеріп отырған заңды орган жоқ. Биліктің де онымен жұмысы жоқ. Мәселен, банктегі несие алудың басы өзің туралы толық мәлімет беруден басталады да, сол жеке ақпаратыңды үшінші жақпен бөлісуге банкке келісім бересіз. Сонда біздің жеке тұлғалардың құпиялығы қайда қалды?!

Несие беру үшін кіріс-шығысын да есептейді. Кірісі төмен болса, несие бермейді. Былай қарасаңыз, дұрыс сияқты. Бірақ мұғалімнің кірісі төмен болса, оған мұғалім кінәлі емес қой, сол мамандыққа сондай жалақы тағайындап отырған мемлекет кінәлі. Үшіншіден, банктердің өз білгенінше өсім алуына кім рұқсат берді? Өзің құйған ақшаға өзің өсім төлеу деген қайдан шыққан қитұрқылық? Банктердің барлығына халықты тонауға кім жол берді?» деп бір тынып алған ол, «Мемлекеттің негізгі құндылығы адам және оның құқтары болса, біз соны қорғауымыз тиіс. Азаматтарымызды үйдің құлы етпей, банктің алдында оның жеке құпиялықтарының сақталуына кепілдік етуіміз керек!» деп қадап айтты.

«AMANAT DRIVE»-ТЫҢ АМАЛЫ ҚАНДАЙ?

Табысты растамай-ақ баспаналы болып, ол үшін алған несиеңізді өсімсіз бөліп төлеуге болатын «Amanat drive» бұл күнде жұртқа бейтаныс емес. Көңілбай Шукеновтің осы жобасына қатысып, үй, машина алып жатқандар да бар. Бірақ оған әлі сенбейтіндер де аз емес. «Халық та ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін айыра алмай қалды. Халыққа себі тисін деп бір бағдарлама жасасаң, оған аузы күйген жұрт оңайлықпен сенбейді. Керісінше, бізге қарсы жасалып жатқан шабуыл да аз емес. Сосын да «Amanat drive» жөнінде жұрт арасында екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірақ біз біреуді алдап, ақшасын алып, үйін бермей кеткен жеріміз жоқ. «Amanat drive»-қа ақша құйып, кейін елдің өсегіне сеніп, ақшамды қайтар дегендер де болды. Қайтардық. Соның әсерінен бір сүрініп тұрдық» дейді Көңілбай.

Көңілбайдың айтуынша, «Amanat drive» бағдарламасы бойынша, үй алу үшін сіздің жеке ақпаратыңыз керек емес, жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне қарамайды. Үйдің ай сайынғы өсімсіз қарызын қайтара алатынына сенімді болса болды, табыс көзін нақтылау талабы да қойылмайды. Үйдің құжаты несие алған адамның атына жазылып, қолына беріледі. Бірақ «Amanat drive» ол үйге бұлтартпау шарасын қолданады, яғни үйді алған азамат оны сата алмайды, біреуге сыйлыққа бере алмайды.

– Біздің бұл арада басты мақсатымыз – халықтың мүддесі мен құқығын басты орынға қою. Біздің кооперативке мүше болып үй алғандардан үйдің жалпы құнының 5 пайызын алып отырмыз. Мысалы, 10 миллионға үй алсаңыз, бізге бір-ақ рет 500 мың теңге ақша төлейсіз. Біз осы ақшамен сізге 10 жыл бойы қызмет көрсетеміз. Сосын 10 миллион теңгенің 30 пайызын алғашқы жарна ретінде құясыз. Ол ақшаны мен де, ақша салған адам да жасырын жолмен шығарып ала алмайды, қатаң бақылауда тұрады. Қалған 70 пайызын біз сізге он жылға өсімсіз береміз. Бұл арада кезек бар екенін ескерген жөн, яғни сіз үй алам деп бізге тіркеліп, ақша тапсырғаннан кейін 6 ай күтесіз. 6 айдан кейін алатын үйіңізді өзіңіз таңдап аласыз. Ауылдан да, қаладан да сатып алуыңызға болады. Егер төлемді бір-екі ай кешіктірсеңіз, бізге себебін көрсетіп өтініш жазуыңыз керек, 1-2 ай кешіктіргені үшін оған ешқандай жаза қолданылмайды. Егер төлей алмай қалса, үйін қайтарып аламыз да, бастапқы салған 30 пайыз жарнасы мен ай сайын төлеген сомасын түгел қайтарып береміз. 5 пайыздық кіру жарнасы қайтарылмайды. «Amanat drive»-тың банкке ұқсамайтын жері – осы. Бұл біздің уставта анық жазылған, – дейді Көңілбай.

Сөз соңында біз Көңілбайдан «Сіздер жұмыс бастаған 2019 жылдан бері осы жұмыстарыңызға байланысы дау туып, сотқа түскен жағдай болды ма?» деп сұрадым. «Жоқ, керісінше 2000-ға жуық отбасы біз арқылы пайызсыз үй алды» деп жауап берді ол.

Содан бері «Amanat drive»-тың жұмыс жүргізу қағидасына үңілдім. Осы жолмен үй алғандармен де сөйлестім. Бір байқағаным, оған сенім артып, тіркелген адам көбейген сайын, оның баспана беру жылдамдығы барынша тездейді екен. Халықты жоғары өсімді несиеге тығып, мойнына қарыздың қамытын ілгенше, өсімі жоқ осы жолды Үкімет те зерделеп көрсе дейміз. Өйткені халық жоғары өсімді қарыздан шаршады.

ИНТЕРНЕТТЕГІ АЛАЯҚТЫҚ ӨРШІП БАРАДЫ

Біздің көтеріп отырған мәселеміз – интернет алаяқтық. Иә, бұл мәселе қоғамда жауыр болған тақырып, қаншама өзгерістер енгізілгенімен, интернетті қолданумен жасалатын кибералаяқтық пен телефон арқылы қылмыстың түрлері жыл санап өсіп келеді. Проблеманы қанша рет көтерсек те, мәселенің шешілетін түрі жоқ, керісінше жылдан жылға ушығып барады. Дабыл қағып отырғанымыз да сондықтан.

Мәселен, соңғы 5 жылда аталған қылмыс түрі бес есеге өскен: 2018 жылы 4 287 факт анықталса, 2022 жылдың қорытындысы бойынша осындай 20 444 қылмыс тіркеліпті. Ал биылғы жылдың алғашқы тоқсанының өзінде-ақ 4 687 интернет-алаяқтық қылмысы жасалған. Құқық қорғау органдары соның небәрі 23%-ның ғана бетін ашыпты. Соңғы 3 жылда келтірілген шығын 35 млрд теңгеден асып жығылды. Бұл – бір.

Екіншіден, халық арасында қазір онлайн несие алуға сұраныс күрт артқан. Қарапайым адамдар микроқаржы ұйымдарынан жетіскеннен қарыз алмайды. Айлығы шайлығына жетпегендіктен, осылайша бір қарызды екінші қарызбен жамайды. Бүгінде елімізде 239 микроқаржы ұйымы бар. Банктен несие рәсімдей алмаған аңқау халықты делдал-алаяқтар құрыққа оңай түсіріп, осындай ұйымдарға алып келеді. Тығырыққа тірелген адамның мойнына жүздеген пайыздық несие рәсімделеді. 2022 жылы банктен несие әперемін деген желеумен алаяқтар 3022 адамды сан соқтырыпты, биылғы үш айда 475 факт тіркелді.

БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ТОҚСАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕ-АҚ 4 687 ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ ҚЫЛМЫСЫ ЖАСАЛҒАН

Мысалы, осыдан бір ай бұрын Ақмола облысы Бурабай ауданының тұрғынына хабарласқан интернет-алаяқ өзін банк қызметкерімін деп таныстырып, 1 млн теңге несие рәсімдеткен, ал ақша өзге адамның шотына жіберілді. Абай облысының тұрғынына хабарласқан алаяқ болса, ұялы телефонға AnyDesk деп аталатын қосымшаны орнаттырып, сол арқылы 9,5 млн теңге несие рәсімдеп алған. Мұндай оқиғалар еліміздің барлық өңірінде болып жатыр. Бұл мәселе бойынша Amanat партиясының қоғамдық қабылдауларына алаяқтардың ісіне тап болған азаматтар жиі шағым түсіруде. Алаяқтар азаматтардың жеке деректерін пайдалана отырып, онлайн несиені өзге адамға заңсыз рәсімдейді.

Үшіншіден. Әлеуметтік желілерде заңсыз ұтыс ойнатып, аңғал адамдардың ақшасын сыпырып алатын алаяқтарға да тосқауыл болмай тұр. Мұны өздері ГИВ деп атайды. Мәселен, соңғы уақытта әлеуметтік желіде «Тараз хит» деген заңсыз лотерея пайда болды. Оны ұйымдастырушылар Instagram желісіндегі парақшасында 10 мың теңгеге билет сатып, халықты пәтер, автокөлік ұтысын ойнатуға үгіттейді. Бұл – заңсыз әрекет, яғни алаяқтық қылмыс.

Еліміздің заңнамасына сәйкес, кез келген ұтыс ойындары лотерея операторымен келісіліп жүргізілуі керек. Басқасының бәрі – заңсыз. Осыны біле тұра құзырлы органдар неге әрекетсіз отыр? Жағдай ушығып бара жатқан соң былтыр маусым айында Мемлекет басшысының өзі интернет-алаяқтарға, қаржы пирамидаларына қарсы қатаң шара қолдануды тапсырған болатын.

Осыған байланысты, біріншіден, азаматтарға микроқаржы ұйымдары арқылы онлайн несие рәсімдеуге электронды үкімет базасында тыйым салудың мүмкіндігін тездетіп енгізу; Екіншіден, елімізде заңсыз лотереялардың, қаржы пирамидалары мен өзге де заңсыз қаржылық операциялармен күрес қалай жүргізілетінін түсіндіру; Үшіншіден, әлеуметтік желілерге кешенді тексеру жүргізіп, онлайн жарнаманы алаяқтық мақсатта пайдаланатын топтарды бұғаттау.

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Мәжіліс депутаты

«Астана энергиясы» АҚ ЖЭО-2 ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 26.06.2023 ж. сағат 10.00-де Астана қаласы, Отырар көшесі 5, Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімінің аппараты, Мәжіліс залы, сондай-ақ Zoom конференциясы арқылы (Идентификатор: 807 076 3721, қолжетімділік коды: GK8XWx), «Астана энергиясы» АҚ ЖЭО - 2 үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен порталда танысуға болады ecoportal.kz. барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады ecoportal.kz, сондай-ақ эл. мекенжайы: loos_1@mail.ru. қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. Мекенжайы: loos_1@mail.ru және телефон бойынша: 8-700 571 3003.

ІЗГІЛІК ІЗІ

немесе Шерхан Мұртаза көне Таразда қалай ұлықталды?

2009 жылы Таразда жоғары оқу орнының жанынан шерхантану орталығы ашылып, ақжолтай жаңалық болған. Көпшілік салтанатында Шерағаның өзі құттықтау сөз сөйлеген еді. Бұл іске мұрындық болған Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық университеттің Тараз қаласындағы филиалы болатын. Бұл – іс-шараның басталуы ғана.

Әлгі жоғары оқу орнының филиалы жабылып, соның орнын басқан Тараз гуманитарлық-инновациялық университетінің ректоры қызметіне жап-жас жігіт, өзі филология ғылымдарының докторы Ерболат Саурықовтың келуімен бұл жекеменшік мәртебесіндегі университеттің жолы ашылып, абыройлы қадамдары жалғасып, сонымен бірге енді ұйымдастырылған шерхантану ғылыми-зерттеу орталығының жұмысы нақты жандана бастады.

Құдай-ау, өзі әдебиетші тілші болса, ғылыми еңбектері негізінен, көне Талас жазбаларының құпиясы мен тарихи-елдік ерекшеліктерін шұқшия зерттеулер болса және Ш.Мұртазаның барлық туындысын кішкентайынан жата-жастанып оқып жүрген нағыз оқырманы болса, бұл орталықтың қызметін қалай құптамасқа, оны қоғамға пайдалы етуде көп қырлы міндеттер белгіленді.

Біріншіден, Жамбыл облысында тұлғатану ісі ғылыми тұрғыда мүлдем қолға алынбаған еді. Екіншіден, Шерағаның мұралары мен мұрағатын көздің қарашығындай сақтап, тиісті архивтік қорға жинақтау ісін шешу керек, одан кейін облыс мектептерінде және университетте Шерхан оқуларын жүйелі түрде өткізіп, республикалық деңгейде болуын қамту, конкурста үздік шыққан оқушыларды университетке тегін оқыту, мектептің әдебиет пәні мұғалімдерінің семинарын ұйымдастырып, шерхантанушы ғалымдар үйірмесін ашу, жазушының шығармаларын қайта басып шығару, «Шерағаның шекпенінен «шыққандардың» ұранды ұстазы туралы жазылған мақалалары мен эсселерін дүркін-дүркін кітап етіп жинақтау, фотосуреттер галереясын жасау және ардақты есімін әрдайым жаңғырту секілді ұлан-ғайыр мақсаттар бірте-бірте жүзеге асырыла бастады.

Жақсыны көрмекке келушілер де көбейді.

Қамқор көңілді шынайы сезінген Шераға әр айтқан уәдесінде тұратын және орындайтын Ерболат інісіне сенді.

Екеуі ақылдасып, ағайындарды ортаға алып риясыз әңгімелескен күндері Жуалы мен Мойынқұмда, Меркі мен Таласта, Жаңатас пен Қаратауда, Тараз бен Алматыда өрбіді. Әр шығармасының қай жерде қалай басталып, қалай аяқталғанына дейін, бүкіл жазушылық лабораториясынан баспаға дейін қаншама талас-тартыс, көзқарастар мен қуанышты болғанын асыл ағамыз осы Ерболат інісіне көбірек сыр етіп айтқанын сезуге болады.

> Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысына барған сапарын Тараздың көркі-халық жазушысы Шерхан Мұртазаның ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етуден бастады. Сол маңда жиналған зиялы қауым алдында Шерағаның асыл мұралары мен қайраткерлігінің жас ұрпақтар тәрбиесінде ерекше мағыналы екенін атап көрсетті

Ағаның ешкімнен жасырмайтын жан сыры алты томдық шығармалар жинағында бірсыпыра оқиғалы өмірімен байланысты айтылады, ол жайында көптеген телесұқбаттарында да бар.

Тегінде ақылдың кені, ақиқат сөздің қазынасы шерхантану ісі қазақ қоғамының кешегісі және бүгінгісі, болашағымен де байланысты жалғасын табатыны хақ.

2012 жыл. Жазушының 80 жылдық мерейтойын бүкіл халық болып атап өттік. Дәл осы арада аталып отырған университеттің басшылығы «Қазақтың Шерағасы» деген атпен бес том кітабын жарыққа шығарып, оны оқырмандарға сый ретінде тегін таратты. Сол думанды, жұртшылық ию-қию көп жиналған жиындарда ақырын ғана баппен маң-маң басқан Шерағаның қасынан бір елі шықпай, қолтығынан сүйеп жүрген сұңғақ бойлы, суытылған тұлпардай өзін тік ұстаған жігітті көз көрді. Ол сол жаңа университеттің ректоры, зерек ғалым Ерболат Саурықов болатын. Біреулер оны таныды, біреулер оны әлі тани бермейтін.

Қалың қазақ Шерағаны қадірлеуде ешқашан кемшін болған емес. Ректор бауырымыз сондай Алатаудай алып ел ағасының қадіріне бір кісідей жету үшін ешбір аянған жері жоқ. Айттық қой, Шераға ең қымбат жеке заттары мен көптеген қолжазбаларының тұпнұсқасын өзінің атындағы ғылыми-зерттеу орталығына аманаттап тапсырып кетті.

Өмірінің соңғы жылдарында Алматыдағы Алма қызының қолында болған Шерағаның қартайған шағында денсаулығын күтуіне де адамгершілікпен қарайласқанның бірі, парыз бен адалдық үшін айтайық, осы азамат болатын.

Қайран да қайран, Шераға дүниеден озғанда да...

Уақыт та жүйрік. Өзгеріс те көп. Тараз гуманитарлық-инновациялық университеті атауын өзгертті, енді бұл жоғары оқу орны Халықаралық Тараз инновациялық институты деп аталады.

2022 жыл. Сарыжапырақ жауған күз айында ұлт перзенті Шерағаның 90 жыл толуына орай Жамбыл облысында бірқатар айтулы іс-шара қолға алынғаны белгілі. Үкімет қаулысымен облыста төрт мектепке жазушы есімі берілді. Бәрекелді! Ару Алматыда, одан кейін елордамыз Астанада көше аталды. Бұл да жөн болды. Рахмет! Тараз қаласындағы «Көне Тараз» кешенінде екі-үш жыл бұрын Ш.Мұртаза атындағы елтану және руханият орталығы ашылған-ды. Баспасөз үйі қазақ баспасөзінің барлық буынының байрағы болған Шерағаның есімімен аталатын болды.

Ерен еңбегіне лайықты және есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен осындай құрмет көрсетілді. Жұрт та риза.

Енді тәуелсіз Қазақстанды орнықтыруға зор үлес қосқан қайраткер қаламгер, қоғамдық ой-сананы ояту мен ашық пікірдің иесі, ұлт абыройын биіктеткен Шерағаның туған өңірінде қандай жаңалықтар болмақ?

Бұл қоғамдық-әлеуметтік мәселеде көпшіліктің ұсыныс-пікірі Таразда еңселі ескерткіш орнатып, туған ауылы Талаптыда жазушының мемориалдық үйін ашу туралы болды.

Көне қаланың қай жеріне сол болашақ ескерткішті қою керек дегенде сан алуан пікір ортаға түсті. Арнайы құрылған қоғамдық комиссияның мүшелері де өз таңдауын айтып, талқылау созыла бастады.

...Алыптардың алтын бесігі Мойынқұмға Мәжіліс депутатының сайлаушылармен кездесулері сапарымен жолымыз түсіп барғанбыз. Ауылдарды аралап жүріп атақты Шәмшінің «Мойынқұмда» әнінде айтылатын Құмөзек, Талдыөзек…жер-су аттарымен қызықтайтын елді мекендерде де Шерағаның ізі қалғанын эссе жазбаларынан білетінбіз. Кешегі дәуірде мыңғыртып мал өсірген құмды өлкеге жас журналист Шерхан, сарабдал жазушы Шерхан проблемалық бірнеше мақала жазған, шопандар өмірінен повесть жазуға материалдар да жинаған. Сондай сапарының бірінде берекелі ауылдың беделді басшысы Байұзақ Саурықовпен кездесіп, танысады. Бұл таныстығы кейін өзара сыйластықпен жалғасқан көрінеді. Ерболат – осы кісінің баласы. Бұл естен кетпес жағдайларды Байұзақ ағамыз жолыққанда да, телефонмен аман-саулық сұрасқан кезде айтатын еді. Тіпті 2020 жылы бір мәрте телефонмен сөйлескенінде, ел ішінде бас көтерер ағамыз ауылда Алланың үйі мешіт салуды ойластырып жатырмыз деген-ді. Пандемия кезі еді ғой. Ойда жоқта өзі атың өшкір індеттің қармағына ілініп қалды. Өкінішті... орны толмас қаза болды.

Әкесінің армандаған ісі аяқсыз қалған жоқ, ол ойы мен аманатын жарамды ұлы Ерболат орындады. Біз соны көріп, мешітте жергілікті тұрғындармен бірге әруақтарға дұға жасадық.

Алақандай ауылда алысқа танытқан Байұзақ ағамыздың жолын қуған Ерболат енді ауылдың тұрмысы мен дәулетін арттырып, ғылыми және басшылық қызметімен қатар жаңа дәуірдің ұштасқан талабы - іскерлік, кәсіпкерлік талантымен де көсегесін көгертіп отыр екен.

Шудың бойында, өзеннің құмдауыт жағалауында ел жағдайын ұзақ әңгімелескенде ол бізге мынадай бір сыр айтты.

– Аға! – деді сабырлы қалпымен, – амандық болса, алдағы күзде Шерағаның мерейтойын атап өтеміз. Бұл салтанаттың жөні бөлек болуы керек. Дәл Шерағадай халықтың сөзін сөйлеп өткен кім бар, айтыңызшы...

Біз ойланып қалдық.

– Сондықтан ел боламыз десек, өмірінде дүниеге қызықпаған, адалдықтан бір мысқал аттамаған, жүрегі елім деп соққан Алаш ардақтысына халықтық құрмет көрсетуге тиіспіз. Менің соған орай жұртты қуантатын бір ойым бар, – деді жігерлі азамат. Және оны шегелеп айтты.

Біз оған тәнті болдық. Апыр-ай! – деп, сол жаңалықты асыға күттік.

Арқа даласына сұғынып жатқан қиындағы ауылдан көкте жұлдыздар жамырай жарқыраған түн сағатында Шу-Ұланбел жолымен Таразға оралдық. Жасыл желекке малынған қала түні тып-тыныш, ән сөзіндей әдемі еді.

Ертесінде Шерағаның зәулім ескерткіші Ерболат басқаратын институттың су жаңа бас ғимараты орын тепкен және оқу корпусы мен жатақханалары алдындағы ашық алаңқайға қоюға шешім қабылданғанын естідік. Өте дұрыс шешім қаланың сәулеті мен сәніне сай келетіндіктен де қолдау тапты. Бұл Жамбыл даңғылының бойында, бұрынғы «Тараз» қонақ үйінің алдындағы саялы бақ, ескірген субұрқағының орны ғана бар демалыс орны болатын.

Содан не болды десеңізші?!

Ескерткіш қоятын орын белгіленді. Енді қалған жағын...

Ректор бауырымыз ескерткіш алаңын қайта жөндеу мен көркейту жұмыстарын түгелдей өз мойнына алып, өз есебінен 80 миллионнан астам теңге қаржы жұмсады. Саялы мәдени орын бірер ай ішінде адам танымастай өзгеріп, айнала айнадай жарқырап, жаңарып шыға келді. Қалаға сән беріп, ажарын аша түсті.

Мерейтой өтетін күн қарсаңында жаңа ғимарат маңдайшасына «Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновация институты» деген жаңа атауы жазылды. Керемет! Мұны көріп және жазушының тұтас тұғырлы ескерткішіне, айналаның әсемдігіне сүйсінген нөпір халық таң-тамаша болды.

– Атасына рахмет! – деді.

Дәл осы ескерткішті ашу салтанаты үстінде Ерболат бауырымның туған ауылында айтқан жігерлі сөзі есіме түсті. Шерағаны құрметтей алмасақ, кім болғанымыз деген.

Иә, Шераға шығармашылығы мен қайраткерлік қызметіне арналған республикалық конференцияны ұйымдастыруға белгілі бір деңгейде осы институт ректораты мен шерхантану ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкерлері белсене атсалысқанын айта кеткеніміз ләзім.

Сонымен бірге шерхантану ғылыми-зерттеу орталығы жаңа ғимаратқа көшірілді. Қонақтарға жазушының үш том кітабын сый-тарту ретінде шығарып таратқан, ал жазушының атақты «Бір кем дүние» кітабын Жуалыда мемориалдық үйін ашылу құрметіне байланысты көркемдеп қайта басып берді.

Ұлт мәдениеті мен ел рухын көтерген, жасыратын несі бар, мол қаржыға келіп тірелетін осыншама қомақты тірліктің қалай және кімдер жүзеге асырып жатқанын жергілікті бірқатар зиялы қауым болмаса, жиынға қатысушылардың көпшілігі дәл анығын біле қойған жоқ.

Игі іске бас имесе де, иіліп тұратын адамгершілік қасиет болады. Әр нәрсенің бағасын, айналып келгенде, халық береді. Бағаның бағасы оны кімнің бергеніне байланысты. Жекеменшік жоғары оқу орнының шешімі қоғамдық-әлеуметтік, идеологиялық тәрбиеде, әлбетте, маңызы зор. Тірілердің әруақтар алдындағы парызын орындау және меценаттық қызметтің жандануының әдемі көрінісі деп түсінген жандар, әрине, дән риза.

Жамбыл облыстық мәслихаттың депутаты ретінде де танымал және қоғам белсендісі Ерболат Саурықовтың өте қажетті жеке бастамасы мен ақпейілді демеушілігіне көңілі толған зиялы кісілер бірауыздан: «Сені, бауырым, ұлт намысы мен абыройы атанған Шерағаның әруағы қолдайды!» деген алғысын жаудырды. Ел ішінде Атымтай Жомарттай мейірімді азаматқа бұл жолы да ақ батасын берді.

Асылы, өмірде өрлеу мен самғау кезеңдері мен ірілердің інісі бола алу сәттері көп жағдайда осылай басталады емес пе?

Шерағаның ескерткіші түнгі Таразды да жарық еткендей сәулелі жазбалар көптігімен есте қалды…

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысына барған сапарын Тараздың көркі-халық жазушысы Шерхан Мұртазаның ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етуден бастады. Сол маңда жиналған зиялы қауым алдында Шерағаның асыл мұралары мен қайраткерлігінің жас ұрпақтар тәрбиесінде ерекше мағыналы екенін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы одан соң студент жастардың өмірімен көзбе-көз танысу үшін жаңа жарақтандырылған жатақхана, Студенттер үйіне бас сұққаны да бір ерекше есте қаларлық жағдай болды. Тап қасында елпілдеп тұрған ректор Ерболат Саурықовтан реті мен жөнін біліп, бұл жоғары оқу орнына қалың қазақтың қадірлісі Шерағаның есімі берілгені өте дұрыс болған деген пікірін де білдірген.

Ақпарат құралдарында «Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық инновация институты» деген атау осы оқиғамен де тарихқа енгенін жарыса жазған сол күн сірә, естен шыға ма?!

Ердің атын ел шығарады. Құт дариды. Бақ қонады.

Бұл – рас сөз.

Біз әңгімелеп отырған Шерағаның талантты шәкірті, көрнекті азамат, саясаткер, профессор Ерболат Саурықов биылғы Қазақстан Парламенті Мәжілісінің сайлауына «Ауыл» партиясының атынан түсіп (ол «Ауыл» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы) депутат болды.

Әруақтар көтеріп, қолдады деген осы емес пе?! – дейді мұндайда біздің қазақ. Жақсылыққа жоритын ырымшыл халықпыз ғой. Сөзге шешен, өз ісіне мығым, басшылық қызметте мол тәжірибесі бар, мәдениеті жоғары, ұстанымы мықты, оқымысты бір тұлға ел сенімі мен жауапкершілігін арқалап Парламентке келді. Несін айтасыз, аузы дуалы, өмірі сан мың жұлдызды Шерағандардың жолы жұғысты болғандай-ау. Ежелгі қаланың жұлдызды күндері көп болғай!

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

НАМЫСЫ НАЙЗАҒАЙДАЙ ЖАРҚЫЛДАП...

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Таштентте бокстан өткен әлем чемпионатында қазақ боксшылары 4 алтын, 1 күміс медаль жеңіп алып, командалық есепте екінші орыннан көрінді.

Төрткүл дүние көз тіккен әлем чемпионатында 100-ден аса елден келген 600-ге жуық боксшы 13 салмақ бойынша бағын сынады. Солардың ішінен 5 елдің ғана әнұраны жеңіс тұғырынан шырқалды. Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Мырзағали Айтжанов шәкірттерін бұл чемпионатқа ерекше дайындағаны көрінді. Біріншіден, әлем біріншілігі Өзбекстанда өтетін болғандықтан, жігіттерді тек қана «төбелеске» дайындамай, олардың намысын қамшылағаны байқалды. Олай дейтініміз, қазақ-өзбек деген спорттық бәсеке осы бокста да ешқашан бәсеңдеген емес. Ең бастысы, осы бәсекелестіктен екі елдің спортшыларына пайдасы тимесе, зияны тиген емес. Соның нәтижесі емес пе, қазақ пен өзбек боксшылары әлемдік жарыстарда кезектесіп, көштің басынан түспей келеді.

Енді, өзіміз барып, көріп қайтқан чемпионатқа тоқталайық. Алғашқы он күнде іріктеу жекпе-жектері аяқталып, суырылып шыққан 52 боксшы жартылай финалға өтті. Бұлар, яғни кем дегенде қола медаль алатындар. Олардың арасында 5 қазақ жігіті болды.

Сөйтіп, ширек финалдар бітісімен «Хумо Аренадан» шықпай, ендігі жағдай қалай болатынын өзімізше саралап алдық. Саралап алдық та, демалыс күнді өткізіп жартылай финалға келдік. Байқасақ, Ташкенттің орталығында қазақ туын ұстағандар көбейіпті. Жартылай финалда айқасқан боксшыларымыз айды аспаннан шығарғандай болды. Санжар Тәшкенбай да (48 келі), Сабырхан Махмуд та (54 келі), Дулат Бекбауов та (67 келі), Асланбек Шымбергенов та (71 келі), Нұрбек Оралбай да (80 келі) керемет жекпе-жек өткізіп, алтын үшін айқасқа шықты. Тағы да түнімен алдағы финалды өзімізше сараладық.

Финалға негізгі қарсыластарымыз Өзбекстаннан – 7, Кубадан – 4, Ресейден – 2, Франциядан – 2, Италия, Грузия, Моңғолия, Бразилия, Әзербайжан, Қытай елдерінен бір-бір боксшыдан шықты.

Ал қызықтың көкесін финалда көрдік. Көргенде, жартылай финалда қарсыластарынан басым түсіп, ақтық айқасқа шыққан бес боксшымыз көрсетті.

Алдымен, киіктің асығындай сүйкімді саңлағымыз Санжар Тәшкенбай көк туымызды биіктен желбіретіп, қазақтың әнұранын әуелетті. Астаналық боксшы грузиялық қарсыласын жай емес, нокдаунмен тізе бүктірді. Айтпақшы, Санжарды марапаттау кезінде әнұранымыздың соңғы қайырмасы айтылмады... Бірақ жеңістің құдіреті қанын қыздырған қазақ жанкүйерлері әнұран қайырмасын шырқай жөнелді. Сол сәтте кең сарайдағы көпшілік қазақтың туын желбірете тұрып ән шырқаған жанкүйерге бастарын шайқап, ілтипат танытты.

Өкінішке қарай, финалға дейінгі қарсыластарын әдемі ұтқан Дулат Бекбауов (67 келі) алтын үшін өткізген айқасында жолы болмады. Өзбек боксшысына ұпай санымен ұтылып, күміс жүлдегер атанды.

Осылайша, финалдың бірінші бөлігінде бір алтын, бір күміс алып, көңіліміз жайланғандай болғанымен, бір топ журналист өзімізше ертеңгі жекпе-жектерді саралап дұрыс ұйықтай алмай шықтық.

Ал чемпионаттың соңғы күні тағы да сол қазақ-өзбек бәсекесімен басталды. Шаршы алаңға бірінші болып Сабырхан Махмуд пен өзбекстандық Ойбек Жураев шықты. Кең сарай ішінде «Қазақстан», «Өзбекстан» деген айғай-шудан құлақ тұнды. Қабағы жарылып мазасы кетіп жүрген Сабырханның бұл жекпе-жекке қойған тактикасы керемет болды. Ол қайта-қайта тігіп, жамаужамау болған қабағына бір соққы дарытпай төбелесті. Онымен қоймай Ойбекті екі рет ойсырата ұрып, нокдаунға жіберді. Төрешілер жеңісті бірауыздан Сабырханға берді. Жураев болса, шаршы алаңның ортасында тұрып егіліп жылады. Бұл жолы да әнұранымыздың екінші қайырмасын жанкүйерлер өздері шырқап шықты. Басқа көрерменнің бәрі қазақтың бұл ісіне ілтипат білдіре берді.

Құрама капитаны Асланбек Шымбергенов те өзбектің мықты боксшысымен қолғап түйістірді. Бұл енді сұмдық шайқас болды. Көрермен деген тұрып кеткен... Айғайдан тағы да құлақ тұнып кетті. Екеуі де «сен тұр, мен атайын» деген жігіттер екен. Екеуі де шегінгісі жоқ. Дегенмен, біздің Асланбектің жігері мықты болып шықты, шешуші үшінші раундта Сайдшамшид Жафаровтың шықшытын бірнеше рет шықырлатып жіберді. Сөйтіп, біздің капитан да ерледі.

Ал қазақ боксшылары айқасқан финалдың ең қызығы да, ең ауыры да 80 келі салмақта болды. Рингке қос қазақ көтерілді, бірі өзіміздің Нұрбек Оралбай болса, оның қарсыласы қытайлық қандасымыз Тоқтарбек Таңатқан болды. Құдайдың салғанын қойсайшы, бүкіл әлемдік біріншілікте екі қазақты алтын үшін таластырып қойған.

Бұл жекпе-жекте Қазақстан намысын қорғап шыққан Нұрбек бауырымыз төрешілердің бірауыз шешімімен жеңіске жетті. Осылайша Оралбайдың біреуі Ташкент төрінде қазақтың туын төртінші рет көтеріп, әнұранымыздың екінші қайырмасын төртінші рет шырқатты.

Әлем чемпионы болған боксшыларымыз Халықаралық бокс федерациясынан 200 000 доллар сыйақы алды, ал Қазақстан бокс федерациясының президенті Кеңес Ракишев финалдық жекпе-жектерден кейін ұлттық құраманың әрбір боксшысын құттықтап, 100 000 доллар көлемінде сыйақы беретінін жеткізді. Сондай-ақ ҚР Мәдениет және спорт министрлігі де чемпиондарымызға 15 000 доллар көлемінде сыйақы беретін болды.

Сонымен, Ташкентті 15 күн бойы дүбірге бөлеген әлем чемпионаты да тарих қойнауына өтті. 4 алтын, 1 күміс еншілеген Қазақстан құрамасы жалпы командалық есепте екінші орыннан көрінді. Ал 5 алтын, 2 күміс және 2 қола медаль алған шаршы алаң иелері бірінші орынға ие болса, үздік үштікті 2 алтын және 2 қола медаль алған Ресей құрамасы түйіндеді. Куба боксшылары бұл жолы төртінші сатыға түсті.

Қазақ боксшылары үшін ендігі бәсеке осы күзде өтетін – Азия ойындары. Ал алдағы жылы Париждегі Олимпиада ойындарына көз тігеміз.

Астана – Ташкент – Астана

ҚАРУ МЕН ҚАЛАМ

Елордадағы ҚР Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери патриоттық орталығында КСРО және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Сталинградты қорғағаны үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарының иегері Әскен Нәбиұлының 100 жылдығына арналған «Бармысыңдар, армысыңдар, бабалар!» атты еске алу кеші өтті.

Гүлбаршын ӘКЕШҚЫЗЫ

Ақмола облысының Ақкөл ауданындағы Қына деген ауылында дүниеге келген белгілі жазушы-журналист Әскен Нәбиұлының рухына арналған осынау кеш туған жерін жаудан азат ету үшін 1941 жылы орта мектепті бітірісімен сол жылдың желтоқсанында майданға аттанған жас жауынгердің Сталинград майданына қатысып, біздің бейбіт күніміз үшін басын қатерге тіккені, елге Жеңіспен оралғаннан кейінгі өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін бейнероликті тамашалаудан басталды. Қазақ ұлттық өнер университетінің студенттері қаламгердің «Қыз тағдыры» әңгімесінен үзінді оқыды.

Әсекеңнің ұлы, белгілі кәсіпкер Марат Нәбиев мерейтой аясында жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған фотокөрме ұйымдастырылғанын, алдағы уақытта ғылыми-тәжірибелік конференциялар, көрмелер, республикалық үздік шығармалар және көркемсурет байқаулары және т.б. іс-шаралар ұйымдастырылатынын атап өтті.

Еске алу кешінде жазушымен әр жылдарда қызметтес болған Кеңес Одағының Батыры, ҚР Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров, белгілі журналист, халықаралық «Жамбыл» атындағы сыйлықтың лауреаты Бәдуан Имашұлы, Айтбай Жанатаев, Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы Сайлаубек Смағұлов, ғалым Айсұлтан Қалыбаев және Әсекеңнің қарындасы Күлмай Нукушева «Әскен Нәбиевке – 100 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен марапатталды.

Іс-шара барысында Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясының «Қорқыт» этно-ансамблі (көркемдік жетекшісі, мәдениет қайраткері, композитор Шолпан Қорғанбек) өнер көрсетті.

МУЗЕЙДЕГІ ТАРИХ САБАҚТАРЫ

Елорда мектептерінің тарих пәні мұғалімдері 2022-2023 оқу жылында «Музейдегі мектеп күні» жобасы аясында Ұлттық музейде әр аптаның бейсенбі күндері сабақ өткізеді. Аталмыш жоба Астана қаласының Білім басқармасы мен Мәдениет және спорт министрлігінің қолдаумен іске асырылып жатыр.

Жобаның мақсаты – оқушылардың бойында тарихи сана, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрмет қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту және зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

Музейдегі тарих сабақтарына қала мектептерінің 5-9-сыныптардың оқушылары қатысады. Бір сабақ мектеп бағдарламасына сай 35-45 минутқа созылады. Кезекті сабақты №60 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі Б.Құлтай 6-сыныпқа арналған «Қазақ хандығының XVI-XVII ғғ. дамуы», №84 мектеп-лицейдің тарих пәні мұғалімі Р.Жаханова 9-сыныптар үшін «Тың игеру жылдарындағы Қазақстан», №65 мектеп-гимназиясының тарих пәні ұстазы Ұ.Смағұлова «Астана – тәуелсіз Қазақстанның астанасы» тақырыптарында өткізді.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №57
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Қ.ҮСЕМХАНҰЛЫ**